

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 27 маусымдағы N 178-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 6 сәуірдегі N 86-ө Өкімі

"Мемлекет басшысының электрондық сайлау жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 27 маусымдағы N 178-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Мемлекет басшысының электрондық сайлау жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 1.1-жолда:

"Іс-шаралар" деген бағандағы "ұлттық тізілімдер және сәйкестендіру нөмірлері" деген сөздер "сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мерзімі" деген бағандағы "2005 жылғы" деген сөздер "2006 жылғы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Жауапты орындаушылар" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі".

Премьер-Министр